

"Айқын", 5 шілде, 2017 жыл

ҚҰРЫШТАН ҚҰЙЫЛҒАН ТҰЛҒА

Ұлт тағдыры сынға түскен ең күрделі кезеңде ел тізгінін ұстаған Елбасы тәуелсіздік жылдары Қазақстанды қаншама қиындықтардан аман алып өтіп, дүние жүзі мойындаған абыройлы мемлекеттердің қатарына қосты. Елімен бірге өзі де әлем таныған қайраткер тұлғаға айналды.

Елбасы билікке келуімен қазақтың жаңа дәуірі басталды. Бұл – егемендік, тәуелсіздік, еркіндік дәуірі. Бұл ер қазақтың Елбасымен бірге дәуірлеу кезеңі.

Жұбан ақын айтса айтқандай, қазақ – «мың өліп, мың тірілген» халық. Бірақ оның кешегі сақ, ғұн, көк түрік, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманында да дәл бүгінгідей атағы аспандап, абыройы асқақтап көрген емес. Халқымызға осы атақ пен абыройды әперген - ұлты үшін туған ұлы қайраткер, құрыштан құйған құдіреттей тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Ең алдымен, Елбасымыз дамудың ұшар биігіне жеткен Батыс пен Шығыс елдерінің тәжірибесін зерттеп, зерделеп, жинақтап, жүйелеп, ұлт менталитетінің сүзгісінен өткізіп, «Қазақстандық жол» атты мемлекет дамуының жаңа моделін жасады. Аға буын «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» деп баға берген дәл осы жол бізді өркениет биігіне бастап келеді.

Екінші. Қаншама ұзақ жолдың алғашқы шақырымнан басталатыны сияқты «Қазақстандық жол» да ешкім баспаған соны соқпақтардан бастау алды. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тәжірибе негізінде жасалған «Қазақстан – 2030» бағдарламасында жүйеленді. Елбасымыз осы құжатта алға қойған мақсаттарды мерзімінен бұрын орындаған соң әлемдік экономиканың дамуы мен жаһандық геосаясат ұсынған жаңа проблемаларды қорытып, ел дамуының жарқын болашағын айқындаған «Қазақстан – 2050» бірегей стратегиясын жасады. Дүниежүзі саясаткерлері айрықша құжат ретінде мойындаған дәл осы стратегия Қазақ елін әлемнің ең дамыған 30 елінің биігіне шығаратын болады.

Үшінші. Елдің етек-жеңі жиналып, мемлекеттік институттары қалыптасқан соң Назарбаев саяси реформаны мықтап қолға алды. Ол тәуелсіздіктің елең-алаң шағында қабылданған ел егемендігі туралы декларацияның, тәуелсіздік туралы конституциялық заңның да басты авторы болып, АҚШ-тың «негізін қалыптаушы әкелер» қызметін жалғыз өзі атқарды. Қазақ қоғамына тың тыныс, соны серпін берген жаңа Конституцияның да басты авторы болды. Дәл осы Конституция ұлттық заңнама жүйесіне берік іргетас болып қаланды. Заң шығарушы, атқарушы билік пен тәуелсіз сот жүйесінің негізін құрды. Президенттік биліктің іргесін бекітті. Береке-бірлік пен ынтымақтың Конституциясына айналды. Бұл да Елбасы даналығының айқын айғағы болса керек.

Төртінші. Елбасымыз Ата заңға негіздеп, ел тарихында тұңғыш рет қос палаталы кәсіби Парламент түзді. Қай саясатта болмасын, таразы басын тең ұстауды жөн көрген сабырлы Елбасы ұсынған қос палаталы Қазақстан Парламенті уақыттың барлық сынынан сүрінбей өтіп, өз қызметін абыроймен атқаруда.

Бесінші. Тәуелсіздіктің берік қорғаны, қалқанына айналған Қазақстан Қарулы Күштерін құрып, оның Жоғарғы Бас қолбасшысы болды. Қорғалған тәуелсіздіктің ғана іргесі берік, түтіні түзу болады. Ілкідегі Тәжікстан мен Грузия, кейінгі Армения мен Әзербайжан, кешегі Қырғызстан мен Украинадағы қанды оқиғалар – осының айғағы. Тәуелсіздік жылдары

бірде-бір қазақ анасы соғыста шейіт болған баласын жоқтаған жоқ. Бұл - Жоғарғы Бас қолбасшысының нағыз ел қорғаны екендігінің бұлтартпас дәлелі.

Алтыншы. Ел тәуелсіздігін алғанда «өгіз терісі – талыстай» ұлан-байтақ қазақ даласы ешбір халықаралық құжатпен ресімделмей, ашық жатқан еді. Міне, осындай «гордый түйінінен» де қиын мұраны кемеңгер Елбасы қисынмен шешіп, қазақ шекарасын халықаралық құжаттармен бекітіп, біржолата және мәңгілікке шегендеді. Бұл – оның бүгінгі һәм қазақтардың болашақ ұрпағы алдындағы ұмытылмас тарихи еңбегі.

Жетінші. Ұлы Абай, кемеңгер Шәкәрім, данышпан Мұхтар туған топырақтағы Семей полигонынан қазақ көп зардап шекті, әлі де шегіп келеді. Осы ажал апанын 1991 жылдың өзінде-ақ жапқан Елбасымыз екенін күллі қазақ жұрты ешуақытта ұмытпақ емес. Н.Назарбаевтың бүкіләлемдік ядролық қарусыздануға, атом жарылыстарын тоқтату мен бейбітшілікті сақтауға қосқан осы бір теңдесі жоқ үлесі оны сол жылдардың өзінде-ақ әлемдегі батыл ойлы мемлекет басшыларының қатарына қосты. Елбасымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының биік мінбесінен жариялаған «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі арқылы әлемдегі ядролық қарусыздану қозғалысының көшбасшысына айналды.

Сегізінші. Ел тәуелсіздігін алғанда Қазақстан Республикасының өз валютасы да жоқ еді. Ұлттық теңгеміздің атын да, затын да ойлап тауып, оны сыртқа сыр шығармай, алдын ала шетелде бастырып, аяғынан тік тұрған валюта жасаған да Елбасымыз болды. Қазір Қазақстан Республикасының ел экономикалық тұрақтылығының кепілі саналатын Ұлттық қоры мен алтын-валюта қорында 100 миллиардқа жуық АҚШ долларына жететін қаражат бар.

Тоғызыншы. Алдағы мақсат айқындалып, міндет зорайған соң Елбасы астананы Сарыарқаның төріне қондырды. Елбасы қазақтың бағына туған елдің ұлы перзенті болса, Астана – Елбасының төл перзенті. Елорда қазақтың атағын аспандатып, мерейін тасытты. Досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндіретін болашақтың қаласына айналды. Елордамен бірге ел еңсесі көтеріліп, қазақтың даңқы артты.

Оныншы. «Қазақстан – 2050» стратегиясында көрсетілген экономикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін «Үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламасы» жасалды. Соның аясында бүкіл еліміз бойынша ондаған зауыттар мен жүздеген өндірістік кәсіпорындар ашылып, әлемге танымал жапон, корей автомобильдері, американдық локомотивтер шығарыла бастады. Елбасымыз өзінің 2017 жылғы жолдауында ел экономикасындағы үшінші инновациялық жаңғыртуды бастап берді. Осыған сәйкес жаңа кәсіпорындармен бірге Қазақстанға әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жаңа технология келіп, үшінші технологиялы жаңғыру басталып кетті.

Он бірінші. Ауыл шаруашылығы саласы айтарлықтай дамыды. Кеңес заманында қолдан жасап, қосып жазып жүріп, әупірімдеп бір миллиард пұт (16 млн тонна) астықты әрең алатын Қазақстан ауыл шаруашылығы саласында жүргізілген жүйелі реформаның нәтижесінде жыл сайын 20-25 млн тонна астықты еркін жинайтын дәрежеге жетті. Қазір Қазақстан әлемдегі ең ірі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарынан берік орын алды.

Он екінші. Өз дегенімен емес, тағдырдың жазуымен көп ұлтты мемлекет болған Отанымыз береке мен бірліктің мекеніне айналды. Елбасы қиыннан қиыстырып жол тауып, сан алуан ұлт өкілдерін көк тудың астына тоғыстырды. Елбасы Қазақстанды мекен еткен әралуан ұлт пен ұлыс өкілдерінің тізгінін тең ұстап, бірегей мемлекеттік институт – Қазақстан халқы

ассамблеясын құрды. Қоғамдағы орны мен құзыреті Ата заңда бекітілген бұл ұйым ел бірлігі мен халықтар достығына берекелі қызмет істеп, Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан әлем мемлекеттеріне үлгі-өнеге ретінде ұсынылуда.

Он үшінші. Адамзат тарихында соғыс атаулының басым көпшілігі дін үстемдігі үшін болған. Елбасы әрбір қазақстандыққа наным, сенім бостандығын берді. Алуан түрлі дін өкілдерінің басын қосып, дүние тарихында қатарынан бес рет Әлемдік дәстүрлі дін көшбасшыларының съездерін өткізіп, ежелгі Қазақ жерін дін жолындағы ізгі жандардың бата-шапағатына бөледі.

Он төртінші. Ата-баба дәстүрі мен ұлт мәдениетінің ұлы қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өскен Елбасы қазақ халқының көне заманнан күні бүгінге дейінгі бай мұрасын жүйелетіп, «Мәдени мұра» бағдарламасын жасатты. Көне мәдениетті әлемнің ең озық мәдениеті үрдістерімен ұштастырып, Астанада Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік пен келісім сарайы, Орталық концерттік залы, «Астана опера» театры, «Астана балет» балет театры, Ұлттық кітапхана, Ұлттық мұрағат, Ұлттық музей сияқты бірегей мәдениет нысандарын салдырды. Мұның бәрі жаңа замандағы қазақ мәдениетін әлемдік биікке көтерді. Өзінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында ұлтымыздың рухани жаңғыруының жаңа бағытын айқындап берді.

Он бесінші. Тәуелсіздік жылдары екі мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралдарынан тұратын ұлттық ақпарат кеңістігі қалыптасып, сандық ақпараттық технологиялар енгізілді. Кеңес заманында жалғыз телеканалға телміріп қалған қазақстандық көрермендерге қазір 70-тен астам телеканал қызмет істеуде. Ел аумағында Интернет, Фейсбук, Твиттер сияқты әлеуметтік желілер еркін қызмет етуде. Осылайша Қазақстан жаһандық ақпарат жүйесінің бөлінбес бөлшегіне айналды.

Он алтыншы. Ел тәуелсіздігінің елең-алаң шағында жеке дара мемлекеттік мәртебеге ие болған ұлттың ұлы қазынасы – қазақ тілінің қолдану аясы кеңейді. Кеңестік кезеңде жабылған 600 мектептің орнына 1000-ға жуық қазақ мектебі ашылып, орта білім жүйесінің 70 пайызға жуығы мемлекеттік тілде оқытатын оқу бағдарламасына көшті. Тілдерді дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді бағдарламасы жасалып, қазақ жазуын латын алфавитіне көшірудің нақты мерзімі белгіленді.

Он жетінші. Ғылым, білім саласы айтарлықтай өсіп, тәуелсіздік жылдары 500-ге жуық жаңа мектеп ғимараты салынды. Әлемдік университеттермен терезесі тең «Назарбаев университеті» ашылып, республикамыздың әрбір өңірінде 20-дан астам «Назарбаев зияткерлік мектептері» бой көтерді. Елбасы тапсырмасымен «Болашақ» стипендиясы бойынша он мыңнан астам талантты жас шет елдердің беделді университеттерінде білім алып, бүгінде ел болашағына қызмет істеуде.

Он сегізінші. Еліміздің денсаулық сақтау саласы да айрықша дамыды. Кешенді «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы қабылданып, 100-ден астам аурухана мен емхана салынды. Астанада әлемдік деңгейдегі ең озық техникамен жарақтанған Ұлттық медициналық холдинг ашылып, оның құрамындағы «Республикалық диагностикалық орталық», «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы», «Республикалық жедел медициналық көмек көрсету ғылыми орталығы», «Республикалық балаларды оңалту орталығы», «Республикалық нейрохирургия орталығы» және «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» сияқты ауқымды медициналық мекемелерде ең күрделі операциялар жасалуда.

Он тоғызыншы. Елбасы жыл сайын экономикалық күш-қуаты артып, саяси беделі көтеріліп келе жатқан жетекші елдердің басын құрайтын, бүгінде әлемдегі ең беделді халықаралық ұйымдардың біріне айналған, құрамына Қазақстанмен шекаралас елдердің бәрі кіретін Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымын құрудағы бастамашыларының бірі болды. Осылайша ол әлемдегі саяси күштердің ара-салмағын сақтауға үлкен үлес қосты.

Жиырманшы. Мемлекет басшысының жеке дара бастамасымен құрылған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі де өзінің өміршеңдігін көрсетіп берді. Әуелі Ресей мен Орталық Азия елдерінің басын құраған бұл ұйымның құрамында қазір Ресей, Қытай, Үндістан бастаған 26 мүше, АҚШ пен Жапония қостаған 8 бақылаушы мемлекет бар. Ол ХХІ ғасырда қатер-қауіп ошағына айналған Азиядай алып құрлықтағы ең қиын түйінді мәселелерді шешетін ОБСЕ-нің Азиядағы аналогы ретінде ықпалды халықаралық ұйымға айналды.

Жиырма бірінші. Елбасы туған елінің даңқын асырып, айбынын асқақтатып, Еуропа төріне шығарды. Еуропаның ғана емес, мұхиттың ар жағындағы АҚШ пен Канаданы қоса қамтып, 56 мемлекеттің басын қосатын ЕҚЫҰ-ның төріне шықты. Күмәнсіз, қапысыз, өз абыройымен, өз беделімен шықты. Шығып қана қойған жоқ, қашанда бізді үйретумен келген кәрі құрлықтың басшыларын қазақ жеріне келтірді. Ақордаға еңкейте кіргізіп, құрметпен сәлем бергізді. Әр қазақтың жүрегіне қазақ болып туғаны үшін, Алаш жұртының азаматы болғаны үшін мақтаныш сезімін ұялатты.

Жиырма екінші. Қашанда екі тізгін, бір шылбырды қатар ұстап, алысты болжап, биікті межелейтін Елбасы дүниежүзінің 57 елінің басын қосатын Ислам конференциясы ұйымына төраға болды. Бұл да еліміздің абыройын асырды. Елбасымен бірге дін қарындастың рухын көтеріп, еңсесін тіктетті. Әлем халқының бір жарым миллиардтан астамын қамтитын осы ұйымның тізгінін ұстау Елбасының мұсылман дүниесіндегі аса биік халықаралық беделінің айқын көрінісі ретінде қабылданды.

Жиырма үшінші. Түркі халықтары ежелден Еуразиядай апайтөс алып құрлықтағы басты интегратор болған. Еуразиялық одақ туралы орыс және түркі халықтарының зиялылары ежелден-ақ армандағанымен, бұл жоба да орындалусыз қалған. Осы идеяға 1993 жылы жан бітіріп, оны 20 жыл бойына табандылықпен алға жылжитқан және Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің қатысуымен құрылған посткеңестік елдер ішіндегі ең үлкен экономикалық ұйымға айналдырған – қазақ елінің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев.

Жиырма төртінші. Қашанда ел болашағын ойлайтын, туған халқын әлемдік биіктерден көруді қалайтын Елбасы әлемдегі ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің, жаңалық атаулының ең үздік жетістіктерін насихаттайтын ЕХРО көрмесін 2017 жылы Астанада өткізуге қол жеткізді. Бұл – әлем жұртшылығының Қазақстанның бүгінгі әлеуеті мен күш-қуатына ғана емес, оның кемел келешегіне берік сенімінің белгісі.

Жиырма бесінші. Кез келген мемлекеттің ең ұлы байлығы – халқы. Қазақ деген халық болмаса, Қазақстандай алып мемлекет те, оны әлемге танытқан Елбасы да болмас еді. Осыдан тура ширек ғасыр бұрын өткен Кеңес Одағындағы ең соңғы халық санағындағы дерек бойынша республикамызда тұратын қазақтардың үлес салмағы 39 пайыз ғана болса, тәуелсіздік жылдары алыс-жақын елдердегі қандастарымызға айқара есік ашылып, өз ішіміздегі ағайынның үздіксіз өсіп-өнуге бағытталған Елбасының сарабал саясаты нәтижесінде қазақтардың саны 67-пайызға дейін жетті.

Тәуелсіздік заманы Қазақстан үшін ғасырлар жүгін арқалаған ғаламат дәуір. Соның бәрінде елі үшін туған Елбасы Қазақ елінің алып кемесін өмір атты ұлы мұхиттың ашық айдындарына бастап келеді.

Қазақта «болат қайнауда, батыр майданда шынығады» деген қанатты сөз бар. Жасөспірім жігіт кезінен болат қорытып, шойын құйған ортада қалыптасып, саясат майданында құрыштай шындалған Елбасы өмірінің әр кезеңі ұлтқа – өнеге, ұрпаққа – үлгі.

«Нұр Отан» партиясының бастамасымен жарық көріп отырған бұл кітап Елбасының азамат, қайраткер болып қалыптасқан Теміртау, Қарағанды кезеңін қамтиды. Автор өз оқырмандарына сирек кездесетін мұрағат қорларынан алынып, ақиқат шындыққа негізделген тың деректерді ұсынады.

Қазақстан – бүгінде іргесі берік, ынтымағы жарасқан, экономикасы қуатты, саяси жүйесі сараланған, өз жолын, өз болашағын айқындаған, әлемдік қауымдастық алдындағы беделі биік мемлекет. Оның туған халқын заманның сан алуан сынынан аман алып шығып, биіктен биікке бастап келе жатқан, құрыштан құйған құдіреттей кемеңгер басшысы бар. Қазақ елі өзінің бүкіл дүниежүзін мойындатқан асқаралы табыстары үшін Елбасы алдында қаншалықты қарыздар болса, мемлекет басшысының қайраткер болып қалыптасуына Қарағанды өңірінің қосқан үлесі де аз емес. Ендеше, Елбасы өмірінің әр кезеңін үлгі-өнеге тұтатын қазақстандықтар бұл кітапты қызыға-құмарта оқитыны анық.

**Мұхтар Құл-Мұхаммед,
«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары**